

## «Биология ағылшын тілінде» оқытудың ерекшеліктері

Баяндаушы: Торсунова Б.Р.


Қазақстан халқы Ассамблеясының 2015 жылғы 23 сәуірдегі XXII сессиясында берілген Мемлекет басшысының тапсырмасын және Ұлт жоспарының «100 нақты қадам - баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» 79-тармағын орындау мақсатында 2015-2020 жылдарға арналған үштілді білім беруді дамытудың (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы №1066 бұйрығына сәйкес) Жол картасы бекітілді. Жол картасына сәйкес, оқыту процесінде қолдануға қажетті Үш тілді оқытудың бірыңғай тілдік стандарты әзірленді (<https://nao.kz/>) (2016ж.). Тілдік стандарт Қазақстан мектептерінің барлық түрлерінде үш мақсатты тілді оқытудың жалпы шегін (тәсілдері, принциптері, стратегиялары) анықтайтын негіздемелік құжат болып табылады. Сонымен бірге «оқыту тілі» және «мақсатты тіл» ұғымдарының мәнін ажырату маңызды. Жалпы білім беретін мектептердің оқыту тілдеріне: қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік жатады. Мақсатты тілдер болып: қазақ тілі екінші тіл ретінде, орыс тілі екінші тіл ретінде және шетел тілі үшінші тіл ретінде саналады.

Үш тілді білім берудің мақсаты білім алушылардың үш мақсатты тілді, атап айтқанда: қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде оқитындар үшін қазақ тілін, орыс тілінде оқытпайтын мектептерде оқитындар үшін орыс тілін және шетел тілін меңгеру үшін қажетті жағдайлар жасау. Сондай-ақ, Қазақстанда этникалық топтардың ана тілдерін дамытуға айтарлықтай көңіл бөлінуде. Осыған байланысты көптілді білім беретін мектептер бар. Қазақ, орыс және шетел тілдерін жеткілікті мөлшерде оқыту қазақ тілінде оқытатын мектептерде де, орыс тілінде оқытатын мектептерде де үлгілік оқу жоспарларында көзделеді.

2021 - 2021 оқу жылында 9 «Б» сыныбында «Биология» оқу пәнін оқыту шетел (ағылшын) тілінде жүргізіледі.

Мектептердің педагогикалық ұжымдары пән апталықтарын, мектепішілік олимпиадаларды және зияткерлік конкурстарды ұйымдастыру арқылы үш тілді білім беруді дамытып, қолдауы қажет ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде кіріктіріп оқытуда CLIL технологиясын қолдану ұсынылады (2-кесте).

2-кесте. Тілді және оқу пәнін кіріктіріп оқыту



**Биология пәнін ағылшын тілінде жүргізуде мұғалімдердің кәсіби ынтымақтастық формаларының маңызы зор. Мысалы,**

- әдістемелік секциялар, мұғалімдер қауымдастығы;
- бір сынып мұғалімдерінің командалық жұмысы;
- параллель сынып мұғалімдерінің ынтымақтастығы;
- тіл пәндері мұғалімдерінің ынтымақтастығы;
- тіл пәндері мұғалімдерінің және тілдік емес пәндер мұғалімдерінің ынтымақтастығы;
- мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің ынтымақтастығы.

**Биология ағылшын тілінде оқытудың ерекшелігі шетел тілі мұғалімдерімен** бірлескен жоспарлау бойынша жүйелі жұмыс (ортақ тақырыптарды жоспарлауды, ҚМЖ, оқу тапсырмаларын және бағалау критерийлерін әзірлеуді және жұмысты талдауды (оқу жетістіктері, оқу үдерісіндегі білім алушылардың қиындықтары және т. б.); ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды анықтауды, осы категориядағы білім алушыларға қолдау көрсету стратегиясын белгілеуді; мұғалімдердің табысты тәжірибелерін таратуды; өзара сабаққа қатысуды; бейнежазба жасауды және сабақты талдауды; оқу материалдарын әзірлеуді; сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шаралар ұйымдастыруды; ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруды; менторлықты іске асыруды, биология оқу пәнін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімді қолдауды көздейді.

Менторлық қолдау түріндегі командалық ынтымақтастық құнды болып табылады. Менторлық немесе менторинг ағылш. – mentoring – оқу пәндерін оқытуда озық тәжірибесі бар, тәжірибелі адамның, сарапшының тәжірибесі аз, жұмысты жаңа бастаған педагогпен өзара іс - қимылы. Ментор – тәлімгер.

Менторлық қолдау көрсету ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуды жаңа бастаған педагогтің кәсіби іс-әрекетін тексеруші, оған баға беруші, бақылаушы функцияларын атқаруды көздемейді. Менторлық қолдау көрсетудің бірінші жылынан кейін өзара командалық іс-әрекеттесу тәжірибесін талдау және ары қарай кәсіби өсу үшін бағыттарды анықтау маңызды.

2018 - 2019 оқу жылында «USTAZ» Professional learning centre Ағылшын тілін білетін білім беру саласындағы мамандарға арналған тәлімгерлік бойынша біліктілікті арттыру курсы тәмамдап, мектепте жаратылыстану – математикалық пәндерді ағылшын тілінде үйретуде менторлық қызмет атқардым.

9 «Б» сыныбында биология оқу пәні 2020 – 2021 оқу жылынан бастап ағылшын тілінде жүргізілуде. Сыныптың білім деңгейі мен тілдік құзыреттіліктері орташа деңгейде. Оқушылардың биология оқу пәнін оқуда ақпарат көздерінің үлкен мөлшерде екенін сөзсіз. Сабақ жоспарлауда оқушылардың жас ерекшеліктері мен тілдік білімінің деңгейі ескеріледі. Сондай – ақ сабақта түрлендірме тапсырмалар мен қосымша ақпарат көздері қолданылады (1 – сурет).




1 – сурет. Интерактивті қосымшалар

Сабақ барысында қарастырылатын тақырып бойынша оқушылар айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын игеруге мүмкіндік алады. Зертханалық және практикалық жұмыс жасауда да ана тілі мен шетел тіліндегі тапсырмалар орындалады.

Соңғы жылдары жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндерді оқыту жобалау әдісі мен STEM технологиясына баса назар аударылуда. Осыған орай STEM технологиясы білім берудің кілттік мақсаты - оқушылардың білу және істей алу қабілеттерін өнертапқыш шешімдер, зерттеушілік қызметтер және тәжірибелік форматтарда көрсету деп білсе, бұл біздің биология сабақтарында жүзеге асырылатын мақсаттарға сай болғаны.

Негізінен биология ағылшын тілінде топтарға бөліну арқылы өткізіледі, яғни әр топта 9 -10 оқушыдан. Бұл оқушылардың биологияны шетел тілінде игеруде тиімді екені сөзсіз. Атап айтқанда, әр оқушының тілдік деңгейінің әртүрлі екенін ескерсек, шағын топтарда жұмыс жасауда оқушы өзін еркін сезініп, мұғаліммен байланысқа шығуы және сабақта толыққанды беріліп, белсенділік танытуда үлесін тигізеді. Төменде көрсетілген суретке назар аударсақ, әрбір оқушының жеке қабілеттері мен деңгейі бойынша оқыту сабақ мақсаттарының біріне жатады (2 – сурет). Әсіресе биология оқу пәнін ағылшын тілінде оқуда оқушының ерекшеліктерін ескеру маңызды болып табылады.



2 – сурет. Дифференциация

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту аясында білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың келесі ерекшеліктері бар:

1. Пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері пәнді оқыту мақсаттары жүйесіне сәйкес бағалау критерийлері негізінде қалыптастырушы және жиынтық бағалау барысында бағаланады.

2. Тілдік дағдылар жиынтық бағалау кезінде бағаланбайды, бірақ мұғалім тілдік дағдылардың даму барысын бақылап, пәнді оқу кезінде қалыптастырушы бағалау үдерісінде көмектеседі, қолдайды, бағалайды.

3. Пәндік және тілдік құзыреттіліктерді кешенді түрде бағалауды жүргізу үшін шетел (ағылшын) тілінде оқытылатын пәндерге қатысты пән мазмұны мен тілдік ерекшеліктерге сәйкес тіл пәндері мұғалімдерімен бірлесіп дескрипторлар әзірлеу қажет. Әрбір мектеп өзіндік ресурстық базасын дамыту үшін ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқыту бойынша тапсырмалар, жаттығулар, мәтіндер, бағалау жұмыстарының электронды «Банкін» жинай алады.

2021 - 2022 оқу жылында биологияны ағылшын тілінде оқыту үшін мынадай сандық платформалар пайдаланылып жатыр:

1. <https://www.khanacademy.org/>
2. <https://bilimland.kz>
3. <https://www.stem.org.uk/>
4. <https://www.pinterest.com/>
5. [www.learningapps.org](http://www.learningapps.org)
6. [www.kahoot.com](http://www.kahoot.com)
7. [www.quizlet.com](http://www.quizlet.com)

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

**1.** Дорожная карта развития трехязычного образования на 2015-2020 годы. Утвержден совместным приказом и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 5 ноября 2015 года № 622, Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 9 ноября 2015 года № 344 и Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 13 ноября 2015 года № 1066.

**2.** «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021 - 2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б.

**3.** Ағылшын тілін және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) кіріктіріп оқыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 94 б.

**4.** Қазақстан мектептерінің оқу үдерісінде үш тілде оқытудың бірыңғай тілдік стандартын қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық, 2018.-32 б.

**5.** Coyle, D., Hood, P., Marsh, D. CLIL: Content and Language Integrated Learning.– 2010. Cambridge: Cambridge University Press.

**6.** Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане. "Білімді ел - Образованная страна" №20 (57) от 25 октября 2016 г.

**7.** Азизов Р. Образование нового поколения: 10 преимуществ STEM образования  
Электронный ресурс: URL: [https://ru.linkedin.com/pulse/ -stem-rufat-azizov](https://ru.linkedin.com/pulse/-stem-rufat-azizov)

**8.** Типовая учебная программа по предмету «Биология» для 7-9 классов уровня основного среднего образования. <http://nao.kz/>